



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 10 мамыр

### 2018 жылғы 28 сәуірден 5 мамыр аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

5 мамырдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,5%-ға (327,25-тен) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 328,85 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 28 сәуірден 5 мамыр аралығындағы маңызды оқиғалар ФРЖ-нің ағымдағы негізгі мөлшерлемелерін сақтау туралы шешім, АҚШ және Қытай арасындағы сауда-саттық балансын азайтуға қатысты келіссөздер, АҚШ-тағы ұзақ қолданыстағы тауарлардың өсуі және халықтың жұмыспен қамтылуы бойынша экономикалық деректердің жариялануы, Еуроаймақтағы ІЖӨ-нің және бөлшек сауданың өсуі болды. Осы факторлар АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігі деңгейінің ұлғаюымен қатар, әлемдік нарықтарда АҚШ доллары бағамының нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Түрік лирасы** S&P рейтингтік агенттігінің ел рейтингін ВВ-ден ВВ- ге дейін төмендету аясында 4,7%-ға (4,04–тен 4,23-ке дейін) әлсіреді. Агенттіктің мазасыздануының негізгі себептері реттеушінің тежеуші монетарлық саясатына қарамастан, валюта бағамдары құбылмалылығының және инфляцияның өсуі болды. Сондай-ақ, министрліктің қосымша шығыстардың 2018 жылы 5,8 млрд АҚШ долларына ұлғаюы туралы мәлімдемесіне байланысты мемлекет тапшылығының өсуі болжануда.

- **Мексика песосы** болжам 1,7% болғанда ІЖӨ-нің 1-тоқсанда 1,2%-ға өсуі бойынша алдын ала деректерді жария етуі аясында және алдағы 1 шілдедегі жалпы сайлауларға байланысты саяси тәуекелдің өсуі аясында 3,5%-ға (18,61-ден 19,27-ге дейін) әлсіреді;


- **Бразилия реалы** 0,5%-ға өсу болжамы кезінде наурыз айында өнеркәсіптік өндірістің 0,1%-ға құлдырауы аясында 2,0%-ға (3,46-дан 3,53-ке дейін) әлсіреді;

---

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

- **Оңтүстік Африка рәнді** АҚШ долларының нығаюы және АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздары кірістілігінің өсуі аясында инвесторлардың төзімділігі тәуекелінің азаюымен байланысты 1,4%-ға (12,33-тен 12,50-ге дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** 0,5%-ға (62,16-дан 62,46-ға) дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** 0,4%-ға (13 893-тен 13 945-ке дейін) әлсіреді;
- **Үндістан рупиясы** 0,3%-ға (66,66-дан 66,87-ге) әлсіреді;



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)